

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

Факультеттің Ғылыми кеңесі
отырысында қарастырылды
« 26 » желтоқсан 2023 ж.
Хаттама № 5

Бекітемін
Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және
қоршаған орта факультет деканы
Ж.Т. Боранбай
« 28 » желтоқсан 2023ж.



2024-2028 жылдарына арналған
6B08301 – «АҢШЫЛЫҚТАНУ ЖӘНЕ АҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ
ЖОСПАРЫ

Аңшылықтану және балық шаруашылығы кафедрасының отырысында
қарастырылды

Хаттама № 5 1 желтоқсан 2023 ж.

Мазмұны

№	Компоненттің атауы	бет
1	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының паспорты (БББ)	3
2	БББ аналитикалық негіздемесі	4
2.1	Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер	4
2.2	Білім алушылар контингентін талдау	4
2.3	Білім беру бағдарламаларының ішкі ортасын талдау (кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық, қаржылық ресурстардың болуы)	5
2.4	Білім беру бағдарламаларының сыртқы ортасын талдау (БББ қажеттілігін талдау, түлектерді жұмысқа орналастыруды талдау, бәсекелестік ортаны талдау)	6
2.5	Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ-ны талдау (іске асыратын ПОҚ біліктілігін бағалау, сондай-ақ бағдарлама шеңберінде лауазымдық міндеттерді бөлу). ПОҚ тағылымдамалары, біліктілікті арттыру, ҒЗЖ (тіркелген БББ-на байланысты тақырыптарды көрсету және т.б.), қорытынды: біліктілік талаптарына сәйкестігі, білім алушылардың және ПОҚ қанағаттанушылығын талдау)	7
2.6	Білім алушылардың жетістіктерін талдау (білім алушылардың оқу, ғылыми және басқа салалардағы жетістіктері)	7
3	SWOT - ішкі және сыртқы ортаны талдау	8
4	Даму жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері, оны іске асырудың мерзімдері мен кезеңдері көрсетілген	9
5	БББ үшін тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар	10
6	Білім беру бағдарламасын дамыту жөніндегі іс-шаралар	11
7	БББ дамыту жоспарын іске асыру механизмі	14

1. Паспорт

6B08301 – «Аңшылықтану және аң шаруашылығы»
білім беру бағдарламаның 2024-2028 оқу жылдарына даму жоспары

1	БББ дамыту жоспарын әзірлеу үшін негіздер	Қазақстан Республикасының білім беру саясатына сәйкес БББ-ны дамыту жоспарының стратегиясы мен тақырыбы, мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жаңа формациядағы мамандар даярлау болып табылатын, кең іргелі білімі және практикалық тәжірибесі бар, күзет жөніндегі қазіргі заманғы әдістерді білетін, жануарлар дүниесі объектілерін және олардың мекендеу ортасын өсімін молайтуды бақылау мен пайдалануды реттеу, сондай-ақ жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, осы салада қызмет көрсетуді және аң аулау және аң шаруашылығы өнімдерін өндіруді қоса алғанда.
2	БББ дамыту жоспарының негізгі әзірлеушілері	1. Сыздықов Куаныш Ныгманович - аңшылықтану және балық шаруашылығы кафедрасының доценті, ветеринария ғылымдарының кандидаты 2. Нарбаев Серик - аңшылықтану және балық шаруашылығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты 3. Асылбекова Айнур Серикбаевна - аңшылықтану және балық шаруашылығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Жұмыс берушілер: 1. Исахаев Бахытжан Акпарович - Сапсан жедел тобының инспекторы. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Охотзоопром жөніндегі РМҚК, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі 2. Бербер Александр Петрович - "Қазақстанның тірі табиғаты" ЖШС аға ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының кандидаты
3	БББ дамыту жоспарын іске асыру	2024-2028 жж.
4	Қаржыландыру көлемі мен көздері	Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру, сыртқы қаржыландыру көздерін тарту

5	БББ дамыту жоспарын іске асырудан күтілетін нәтижелер	6B08301 - «Аңшылықтану және аң шаруашылығы» саласында отандық және әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкес жоғары білікті мамандарды даярлау
---	---	--

2 Білім беру бағдарламаның аналитикалық негіздемесі

БББ жаңартылған мазмұны; түлектерді даярлаудың жоғары сапасы; білім алушылардың танымдық қабілеті мен қажеттіліктерін ескере отырып, тереңдетілген даярлықты толықтыра отырып ББ іске асыру.

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер. 6B08301-«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» білім беру бағдарламасы аңшылық және жануарлар ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы мамандарды терең теориялық және практикалық даярлауға бағытталған, ғылыми-зерттеу, өндірістік-технологиялық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, жобалық және педагогикалық қызметте жоғары білікті кадрларды даярлау, халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жалпы және кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі бар, осы саладағы жалпыұлттық міндеттерді шешуге ғылыми көзқарас қабілеті бар аң аулау саласының мамандарын даярлау.

Білім беру бағдарламасы ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген.

БББ Ұлттық экономика үшін маңыздылығы оның еңбек нарығы үшін елдің табиғи биоресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бойынша мамандар даярлауымен айқындалады.

Білім беру бағдарламалары жалпы білім беру, базалық және бейіндік пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқытуды; оқытудың қосымша түрлерін, кәсіптік практиканы, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды. ББ көлемі 240 кредитті құрайды, оның ішінде теориялық оқыту кредиті 212, кәсіптік практика кредиті 20, қорытынды аттестаттау кредиті 8.

2.2 Білім алушылар контингентін талдау. Қазіргі уақытта 6B08301-«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» ББ бойынша 148 студент оқиды, оның ішінде мемлекеттік тілде - 120 және орыс тілінде - 28 студент. Жалпы білім беру гранты бойынша-146 студент және ақылы келісімшарт негізінде 2 студент.

2023-2024 оқу жылында білім алушылар туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштер	2023-2024
6B08301-«Аңшылықтану және аң шаруашылығы»		
1	Білім алушылар контингенті, барлығы:	148
2	Жалпы білім беру гранттар бойынша білім алушылар саны	146
3	Мемлекеттік тілде білім алушылардың саны	120
4	Ақылы келісімшарт негізінде білім алушылар саны	2

2.3 Білім беру бағдарламаларының ішкі ортасын талдау (кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық, қаржылық ресурстардың болуы). Жоғарыда аталған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін кафедрада әрбір білім алушының пәндердің (модульдердің) толық тізбесі бойынша қалыптастырылатын деректер базасына және кітапхана қорларына қолжетімділігі қамтамасыз етіледі. Өз бетінше даярлау кезінде білім алушылар «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілді. Әрбір білім алушы әр пән бойынша және әрбір пәнаралық курс бойынша (мерзімді басылымдардың электрондық базаларын қоса алғанда) баспа және электрондық басылымдармен қамтамасыз етілген.

Кітапхана қоры соңғы 5-10 жылда шығарылған барлық оқу циклдарының пәндері бойынша негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің баспа және электрондық басылымдарымен, сондай-ақ анықтамалық-библиографиялық және мерзімді басылымдармен, ресейлік және отандық журналдармен жасақталған. Ақпараттық-кітапханалық орталықта Интернет желісіне ашық қолжетімділігі бар компьютерлік зал бар. Ақпараттық-функционалдық жүйеге бірнеше компоненттер кіреді: «МАРК-SGL» бағдарламасы негізінде университеттің ақпараттық-кітапханалық орталығының кітаптар мен мақалалар каталогы, каталогизатордың автоматтандырылған жұмыс орнының көмегімен нақты уақыт режимінде жұмыс істейді, толық мәтінді режимдегі өз әзірлемелерінің каталогы, электрондық ресурстар, интернет ресурстар. Интернет желісі арқылы ақпараттық-кітапханалық орталықта аңшылық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, «Лань» баспасының электрондық-кітапханалық жүйесі бойынша контенттерге қосылу мүмкіндігі бар.

Мамандық бойынша оқу-әдістемелік құжаттар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, мамандық бойынша үлгілік оқу жоспарлары сияқты қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді, оқытудың барлық бағыттары бойынша жұмыс оқу жоспарлары, академиялық күнтізбелер, ЭПОӘК даярлау жөніндегі тиісті құжаттама әзірленді.

ПОҚ дәрежелілігін арттыру, олардың жақын және алыс шетелдердің отандық жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде біліктілікті арттыру курстарынан өтуі, сондай-ақ ҚР АШМ жетекші мамандарын, шетелдің жоғары оқу орындарының ғалымдарын шақыру сияқты мәселелерге ерекше назар аударылады.

Мықты жақтары:	Әлсіз жақтары:
1. МЖМБС білім беру бағдарламаларының мазмұнының ғылым мен тұтынушылардың заманауи талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ түлектің құзыретіне қажеттіліктердің тұрақты өзгеруіне, процестер мен экономикалық интеграцияға байланысты олардың үнемі жаңаруы; 2. Кредиттік оқыту жүйесінің ережелеріне сәйкес білім алушылардың өз бетінше таңдаған	1. Білім алушылармен алмасу және оқытушылармен тағылымдамадан өту бағдарламаларының саны жеткіліксіз.

траекториясы бойынша білім беру бағдарламаларын игеру процесін кезең кезеңімен жоспарлау; 3. Білім беру бағдарламаларында теориялық және практикалық оқытудың, өзіндік жұмыстың үйлесімі, сондай-ақ кәсіптік қызметке дайындалуға арналған компоненттерді қамтитын міндетті және элективті пәндердің болуы, білім алушының зияткерлік дағдыларын, шығармашылық қабілеттері мен тұлғасын дамыту; 4. Жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын, мультимедиялық құралдарды игерудің инновациялық нысандарын, әдістерін әзірлеу және білім беру процесіне енгізу; 5. Жоғары оқу орнының сапа менеджменті жүйесін жетілдіру, студенттердің білім беру бағдарламаларын игеру тиімділігін бақылау және мониторингілеу бойынша құрылымдардың болуы; 6. Пәнаралық байланыс; 7. Компьютерлермен және Интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету, кітапхана қорын жаңарту.	
--	--

2.4 Білім беру бағдарламаларының сыртқы ортасын талдау (БББ қажеттілігін талдау, түлектерді жұмысқа орналастыруды талдау, бәсекелестік ортаны талдау).

«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» БББ (бакалавриат) бойынша жұмыс берушілер:

1. Исахаев Бахытжан Акпарович - Сапсан жедел тобының инспекторы. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Охотзоопром жөніндегі РМҚК, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі.

2. Бербер Александр Петрович - "Қазақстанның тірі табиғаты" ЖШС аға ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының кандидаты.

Білім алушылар практикадан өтетін шаруашылық жүргізуші субъектілермен 6 шарт жасалды.

Төменде шаруашылықтардың тізімі берілген:

- 1 Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі
- 2 Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы
- 3 «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі РММ
- 4 «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі РММ
- 5 «Охотзоопром бойынша» РМҚК
- 6 «Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы» РММ

Білім алушыларды дуалды оқытуға көп көңіл бөлінеді. Кафедра оқытушылары (АМД) академиялық мәселелер департаментінің директоры бекіткен сабақ кестесіне сәйкес көшпелі сабақтар өткізеді.

2.5 Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ-ны талдау (іске асыратын ПОҚ біліктілігін бағалау, сондай-ақ бағдарлама шеңберінде лауазымдық міндеттерді бөлу). ПОҚ тағылымдамалары, біліктілікті арттыру, ҒЗЖ (тіркелген БББ-на байланысты тақырыптарды көрсету және т.б.), қорытынды: біліктілік талаптарына сәйкестігі, білім алушылардың және ПОҚ қанағаттанушылығын талдау).

6B08301-«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» білім беру бағдарламаларын іске асыруды университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы жалпы білім беретін, базалық, бейіндеуші пәндер цикліне сәйкес жүзеге асырады.

БББ жүзеге асыратын Аңшылықтану және балық шаруашылығы кафедраның ПОҚ штатында 1 - ғылым докторы, 2 – доцент, 2 - ғылым кандидаты, 1 PhD және 2 магистр бар.

БББ бойынша B083 - «Орман шаруашылығы» ғылыми дәрежелігі	
Оқу жылы	БББ бойынша B083 - «Орман шаруашылығы» ғылыми дәрежелігі, %
2023-2024	61,5

Кафедраның аға оқытушысы Ж.М.Карагойшин 2019 жылы А.А.Ежевский атындағы Иркутск мемлекеттік ауыл шаруашылығы академиясында (Ресей Федерациясы) біліктілігін арттырудан өтті.

«Аңшылық және аң шаруашылығы» БББ профессорлық-оқытушылар құрамы Алматы қаласында «Global Professional Development» ғылыми орталығының платформасында біліктілікті арттыру курстарынан өтті: 2022 жылы Л. М.Буршакбаева, С.Р. Қазиханова, Р. А. Арынова, С. А. Бекеева, С. Н. Нарбаев; 2023 жылы Н. М. Нұрғожаева.

2.6 Білім алушылардың жетістіктерін талдау (білім алушылардың оқу, ғылыми және басқа салалардағы жетістіктері).

Кафедрада білім алушылар тікелей қатысатын шаруашылық келісімшарттық тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіледі. 2019 жылы «Нұр-Сұлтан қаласының жасыл аймағында қарапайым қырғауылды (*Phasianus colchicus*) жасанды өсіру және енгізу бойынша биологиялық негіздеме әзірлеу» және «Күндізгі жыртқыш құстар отрядының (*Falconiformes*) Перегрин сұңқарын, гирфальконды, балобанды өсіру және өсіру үшін биологиялық негіздеме әзірлеу», 2020 жылы «Нұр-Сұлтан қаласының жасыл белдеуі аумақтарында кәдімгі бөденені (*Coturnix coturnix*) және сұр кекілікті (*perdix perdix*) жасанды өсіру мен енгізудің биологиялық негіздемесі» атты ғылыми жұмыстар жүргізілді. Студенттердің кейбір дипломдық жұмыстарының тақырыптары ғылыми зерттеулердің осы бағыттарына сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылында 6B08301 – «Аңшылықтану және аң шаруашылығы» білім беру бағдарламасының 3-4 курс студенттері 2023 жылғы

27-28 сәуірде Алматы қ. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында өткен XV-республикалық пәндік олимпиадаға Аманов Данияр, Орын Бейбарыс, Әлмұхан Әсет қатысып, 2-3 жүлделі орынға ие болды.

Еңбек нарығының талаптарын есепке алуға сәйкес және жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша элективті пәндердің жұмыс оқу жоспарлары мен каталогтарына жаңа элективті пәндер енгізіледі.

Қазіргі уақытта жануарлар дүниесін сақтау мәселелерінің қарқынды дамуына байланысты «Аңшылықтану және аң шаруашылығы" БББ мамандарына қажеттілік туындады.

Университетті бітіргеннен кейін түлектер барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде, аңшылық шаруашылықтарда, «Охотзоопром бойынша» РМҚК, ҚР ЭБЖМ орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінде және республиканың барлық өңірінің осы бейіндегі басқа да объектілерде жұмысқа орналасады.

3 SWOT - ішкі және сыртқы ортаны талдау

Strengths — күшті жақтары	Weaknesses — әлсіз жақтары
1. МЖМБС білім беру бағдарламаларының мазмұнының ғылым мен тұтынушылардың заманауи талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ түлектің құзыретіне қажеттіліктердің тұрақты өзгеруіне, процестер мен экономикалық интеграцияға байланысты олардың үнемі жаңаруы; 2. Кредиттік оқыту жүйесінің ережелеріне сәйкес білім алушылардың өз бетінше таңдаған траекториясы бойынша білім беру бағдарламаларын игеру процесін кезең кезеңімен жоспарлау; 3. Білім беру бағдарламаларында теориялық және практикалық оқытудың, өзіндік жұмыстың үйлесімі, сондай-ақ кәсіптік қызметке дайындалуға арналған компоненттерді қамтитын міндетті және элективті пәндердің болуы, білім алушының зияткерлік дағдыларын, шығармашылық қабілеттері мен тұлғасын дамыту; 4. Жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын, мультимедия-лық құралдарды игерудің инновациялық нысандарын, әдістерін әзірлеу және білім беру процесіне енгізу; 5. Жоғары оқу орнының сапа менеджменті	1. Білім алушылармен алмасу және оқытушылар-мен тағылымдамадан өту бағдарламаларының саны жеткіліксіз. 2. Аңшылық шаруашылығының заңды негіздерімен байланысты пәндер жеткіліксіз.

жүйесін жетілдіру, студенттердің білім беру бағдарламаларын игеру тиімділігін бақылау және мониторингілеу бойынша құрылымдардың болуы; 6. Пәнаралық байланыс; 7. Компьютерлермен және интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету, кітапхана қорын жаңарту.	
Opportunities — мүмкіндіктер	Threats — қауіптер
1. Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын игергеннен кейін түлектер жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білімін жалғастыруға мүмкіндік алады; 2. Білім беру бағдарламаларының жаңа сапалы, оның ішінде халықаралық деңгейге шығару қабілеті; 3. Республиканың аграрлық жоғары оқу орындарының мамандар даярлаудағы ынтымақтастығы, білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімділігін арттыруда тәжірибе алмасу.	1. Жұмыс берушілердің әлсіздігі бітірушінің құзыретіне қойылатын талаптарды тұжырымдау, олар көбінесе игерілген білім беру бағдарламаларының мазмұнымен ерекшеленеді; 2. Бәсекелес жоғары оқу орындары ұсынатын орташа нарықтық бағамен салыстырғанда білім беру қызметтерінің жоғары құны.

4 Даму жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері, оны іске асырудың мерзімдері мен кезеңдері көрсетілген

6В08301-«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» БББ бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасын дамыту жоспары жұмыс берушілердің сұранысы негізінде әзірленді.

Білім беру бағдарламасының мақсаты-жануарлар дүниесі объектілерін және олардың мекендеу ортасын қорғау, өсімін молайтуды бақылау және пайдалануды реттеу, сондай-ақ аң аулаудың барлық түрлерін, соның ішінде осы салада қызмет көрсетуді және аң аулау және аңшылық өнімдерін өндіруді қоса алғанда, қазіргі заманғы әдістерді меңгерген кең іргелі білімі мен практикалық тәжірибесі бар жаңа формациядағы бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында мамандар даярлау болып табылады. Жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, Республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерін жоғары теориялық және практикалық дағдылары бар, мынадай қағидаттарды іске асыруға қабілетті жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету: - тәжірибеге бағдарланған білімнің басымдығы; -жергілікті және өңірлік қоғамдастықты дамытуға бағдарлану; - кәсіптік салада тұрақты даму мен инновациялық қызметке, оның ішінде білім беруді жалғастыруға қажеттілікті қалыптастыру; - стандартты емес жағдайларда шешім қабылдауға және кәсіби әрекет етуге дайындықты қалыптастыру.

Даму жоспарының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

№	Тапсырманың атауы	Мерзімдері	Орындау кезеңдері
1	Отандық және әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру сапасының деңгейін арттыру	барлық оқу кезеңі	оқу процесі барысында
2	Оларды одан әрі кәсіби қызметте іске асыру үшін, сондай-ақ екінші сатыға өту үшін қажетті теориялық және практикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру	барлық оқу кезеңі	жоғары курстарда
3	Дипломдық жұмыстардың өзекті және іс жүзінде маңызды тақырыптарын таңдау кезінде жұмыс берушілер мен ҒЗИ ғалымдарына кеңес беру	мамандықты оқытудың соңғы сатысында	жұмыс берушілер мен мүдделі тұлғаларға кеңес беру

5 БББ үшін тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар

БББ іске асырудағы тәуекелдерді азайту БББ дамыту жоспарының маңызды аспектісі болып табылады. Ол тәуекелдерді сәйкестендіруді, бақылау шараларын әзірлеу мен енгізуді, сондай-ақ тұрақты мониторинг пен жақсартуды қамтитын стратегиялық тәсілді талап етеді. Бұл шаралар БББ іске асырудың тиімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның білім беру қызметтері нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға көмектеседі.

Төмендегі шараларды қолдана отырып тәуекелдерді азайту бойынша білім беру бағдарламаларын іске асырады:

№	Тәуекелдердің атауы	Оларды қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар
1	Оқу-әдістемелік әдебиеттермен кәсіптік пәндер бойынша мемлекеттік және ағылшын тілінде қамтамасыз етудің жеткіліксіз болуы	Білім алушылардың жұмыс оқу жоспарына сәйкес мемлекеттік және ағылшын тілдеріндегі ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді ғалымдар мен профессор-оқытушылар құрамы жыл сайынғы шығарылымын жоспарлау керек
2	Дәстүрлі түрде сабақтарды басым жүргізу	Әлемдік стандарттар деңгейінде оқыту мен білім беру әдістерін ұсынудың инновациялық технологияларын жетілдіру және оқу процесіне енгізу
3	Оқу және зертханалық базаның ықтимал амортизациясы және ықтимал тозуы	Мемлекеттік-жекеменшік негізінде заманауи оқу, ғылыми-зерттеу және зертханалық база құру серіктестік, заманауи зертханалық жабдықтарды сатып алу

4	Жекелеген қызметкерлердің зейнетке шығуына байланысты ғылыми және педагогикалық кадрлардың жеткіліксіздігі	Магистратура және докторантура (PhD) арқылы жоғары біліктілікті қазіргі заманауи деңгейде ғылыми кадрларды даярлау талаптары
5	Орыс тілінде білім алушылардың академиялық тобта аз болуына байланысты	кәсіби бағдар және ақпарат жарнамалық жұмыстар жүргізу арқылы осы бейіндегі көптілді оқыту білім алушылар контингентін қалыптастырып бағдарлау топтарын құру

6 Білім беру бағдарламасын дамыту жөніндегі іс-шаралар

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары университеттің стратегиялық даму жоспары негізінде әзірленеді және білім беру бағдарламасының мәселелерін анықтау мен шешудің негізгі құжаты болып табылады.

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Іске асыру мерзімдері					Күтілетін нәтижелер	Ресурстық қамтамасыз ету
			2024	2025	2026	2027	2028		
1	Білім беру бағдарламалары бойынша академиялық комитетті қалыптастыру	ай	IX	IX	IX	IX	IX	университет ректорының бұйрығымен академиялық комитет бекітіледі	
2	Бакалавриат құзыреттерін және БББ пәндерін анықтау	ай	V	V	V	V	V	БББ құзыреттері айқындала-тын болады	
2.1	Жұмыс берушілермен білім беру бағдарламаларының құзыреттері бойынша жалпы ұстанымды әзірлеу	ай	V	V	V	V	V	Жұмыс берушілер-мен ОР құзыреттері бойынша жалпы ұстанымдар әзірленетін болады	
2.2	Жұмыс берушілермен білім беру бағдарламалары пәндерінің мазмұны бойынша жалпы ұстанымды әзірлеу	ай	VI	VI	VI	VI	VI	Жұмыс берушілер-мен БББ пәндерінің мазмұны бойынша жалпы ұстанымдар әзірленетін болады	
2.3	БББ құзыреттерін және пәндерді Дублин	ай	VI	VI	VI	VI	VI	Дублин дескрипторларына сәйкес пәндер БББ	

	дескрипторларымен қалыптастыру және келісу							құзыреттері қалыптастырыл атын болады	
3	Кәсіби стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын қалыптастыру	ай	VI	VI	VI	VI	VI	Білім беру бағдарламасы кәсіби стандарттарға сәйкес қалыптастырыл ған	
4	Академиялық күнтізбені және білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарын жасау	ай	VI	VI	VI	VI	VI	Академиялық күнтізбе және БББ жұмыс оқу жоспары жасалды	
5	Жұмыс берушілердің қатысуымен кафедраның кеңейтілген отырысында білім беру бағдарламаларын қарау	ай	VI	VI	VI	VI	VI	БББ жұмыс берушілердің қатысуымен кафедраның кеңейтілген отырысында қаралатын болады	
6	Факультеттің Ғылыми Кеңесінде білім беру бағдарламаларын қарау және бекіту	ай	VI	VI	VI	VI	VI	Факультеттің Ғылыми кеңесінде БББ қаралады және бекітіледі	

6В08301 – «АҢШЫЛЫҚТАНУ ЖӘНЕ АҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ» БББ дамыту жоспарының ұсынылатын нысаналы индикаторларының тізбесі

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірліктері	Іске асыру мерзімдері				
			2024	2025	2026	2027	2028
	Сандық көрсеткіштер						
1*	Білім алушылардың жалпы контингенті	адам	30	30	35	40	45
2	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған білім алушылардың саны	адам	25	25	30	35	40
3*	"Алтын белгі" студенттерінің, соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының, ағымдағы оқу жылындағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының (1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталған) жалпы санынан үлесі	%	3	3	4	4	4
4*	Шетелдік білім алушылардың саны		1	1	1	1	1
5*	Оқу аяқталғаннан кейін 1-ші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	%	70	70	75	80	80
6	Оқитын студенттер саны академиялық ұтқырлық шеңберінде (сыртқы)	чел.	-	-	-	1	1
7*	Оқитын студенттер саны академиялық ұтқырлық шеңберінде (ішкі)	чел.	1	1	2	2	2
8	Қос дипломды білім беру шеңберінде білім алушылардың саны	чел	-	-	-	-	1
9	Ағылшын тілінде оқитын студенттер саны	бірлік	-	-	-	1	1
1-бағыт. Академиялық қызметті жетілдіру / БББ мазмұнын жетілдіру							
10	Жұмыс берушілердің қатысуымен кәсіби стандарттар негізінде БББ әзірлеу / жаңарту	бірлік	1	1	1	1	1

11*	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық еуропалық желілердің толыққанды мүшелері болып табылатын және білім беру саласындағы уәкілетті органның тізіміне енгізілген агенттіктерде мамандандырылған аккредитеуден/ постаккредитеуден өту	ББ саны	1	1	1	1	1
12	Бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу	ББ саны	-	-	-	1	-
13*	Білім беру бағдарламасының рейтингтердегі позициялары (Атамекен, арта, QS және т. б.)	орын	2	2	1	1	1
14	Оқу процесіне оқытудың инновациялық әдістерін енгізу	бірлік (енгізу актісі)	1	-	1	1	1
15*	Оқулықтар мен оқу құралдарының саны	бірлік	2	2	3	3	3
16*	Жұмыс берушілермен тәжірибе бойынша шарттар саны	бірлік	4	4	5	5	5
2 – бағыт. Кадрлық әлеуетті дамыту							
18*	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілігін арттырудан өткен профессор-оқытушылар құрамының саны (72 сағат)	бірлік	2	2	2	3	3
19*	Инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттырудан/ тағылымдамадан өткен оқытушылар құрамының саны (72 сағат)	ПОҚ, саны	-	-	1	-	1
20	Шетелдік жоғары оқу орындарында, ҒЗИ-да біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ саны/ ПОҚ үлесі	адам/ %	-	-	1	1	1
21*	Тағылымдамадан өткен ПОҚ саны/ ПОҚ үлесі	адам/ %	-	1	1	2	2
22*	Дәріс оқуға тартылған практик-мамандардың саны	адам	1	2	2	2	2
23	Ішкі академиялық ұтқырлық шеңберінде тартылған отандық оқытушылар саны	адам	-	1	1	1	1
24*	Шетелден тартылған ПОҚ саны	адам	1	1	1	1	1
25	ПОҚ саны / ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі	адам/ %	-	-	-	1/9	1/9
26	Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар ПОҚ саны/ ПОҚ үлесі	адам/ %	-	-	-	1/9	1/9
3 – бағыт. Ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту							
27	Scopus деректер базасы бойынша ғалымдардың дәйексөздер жарияланымдарының ҚР ғалымдарының дәйексөздерінің жалпы санының үлесі	%	15	15	15	15	15
28	Web of Science платформасындағы ақпараттық ресурстар деректері бойынша рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны	бірлік	-	-	-	-	-
29*	ПОҚ жалпы санынан білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ПОҚ үлесі	%	35	35	40	40	40
30*	ПОҚ және білім алушылар іске асырған стартап жобалардың саны	бірлік	-	1	1	1	1
31*	"500 ғалым"бағдарламасы шеңберінде әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен ғалымдар саны	бірлік	1	1	1	1	1
32*	ҒЗЖ шеңберінде алынған, мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған патенттер саны	бірлік	1	1	1	2	2
33*	Ғылыми жобалардың жалпы санынан ЖЖОКБҰ және ҚР ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп орындалатын жобалардың үлесі	%	30	30	30	30	30
34*	КОКСНВО-дағы жарияланымдар саны	бірлік	4	4	5	6	6
35*	Университеттің инновациялық әзірлемелері мен коммерцияланатын жобаларынан алынған кірістердің үлесі	саны	1	1	-	-	-
36*	Авторлық куәліктердің, патенттердің саны	саны	-	1	1	1	1
37	Олимпиадалардың, ҒЗЖ конкурстарының студент – жүлдегерлерінің саны және т. б.	бірлік	2	3	3	3	3
38*	Қатысатын магистранттар мен докторанттар үшін ғылыми-зерттеу қызметі	%	80	90	100	100	100
4 - бағыт. Инфрақұрылымды және материалдық-техникалық базаны жетілдіру							
39	Енгізілген (жаңартылған) зертханалар саны	бірлік	-	-	-	-	-
40	Онлайн курстар (ЖАОК)әзірленген пәндердің саны / үлесі	бірлік / %	-	-	-	-	-
41	Жаңартылған ғылыми жабдықтардың саны / үлесі	бірлік / %	30	30	30	30	30
42	Кітапхана қорын толықтыру	бірлік / %	25	30	30	30	30

* - міндетті индикатор

7 БББ дамыту жоспарын іске асыру механизмі

БББ дамыту жоспарын әзірлеу тұжырымдалған нақты міндеттерді шешу арқылы қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асырудың кешенді тәсілін қамтамасыз етеді, жоспарлы іс-шаралардың толық көлемінде орындалуына ықпал етеді.

Даму жоспарын іске асыру мониторингі бағыттар бойынша даму көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпаратты талдау және жинақтау арқылы жүзеге асырылады. Мониторинг жүргізу қорытындысы бойынша академиялық комитет даму жоспарын іске асыру бойынша есеп дайындайды. Есеп еркін нысанда жасалады, факультет деканына жіберіледі және жалпы университеттің даму стратегиясын бағалау үшін стратегиялық көрсеткіштер мен нәтижелер шеңберінде факультеттің жылдық есебін жасауға негіз болып табылады.

Есепті жасау кезінде келесі мәліметтерді көрсету ұсынылады:

1) БББ дамыту жоспарында ұсынылған ақпаратты талдау және қорыту;
2) Қызметтің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесі туралы (нақты нәтижелердің жоспарланғаннан ауытқуы болған кезде түпкілікті нәтижелерге әсер еткен себептер мен факторларды ашу керек) және қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жүргізілген/жоспарланған іс-шаралар туралы;

3) Жекелеген мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды қайта қарау, ресурстарды қайта бөлу және проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін әзірлеу жағдайында ақпарат;

4) БББ жоспарын іске асырудың тиімділігін арттыру және даму жоспарына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар;

5) Сыртқы стейкхолдерлердің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға әсер ету дәрежесі. БББ дамыту жоспарын қалыптастыру, мониторингілеу және іске асыру процестері мен ашықтық қағидаттарына негізделуге тиіс. БББ дамыту жоспары университеттің ресми сайтында орналастырылуы тиіс. Кез - келген мүдделі тұлғалар даму жоспарымен, оның аралық нәтижелерімен танысуға құқылы. БББ дамыту жоспары және оны іске асыру барысы кафедра отырыстарында, факультеттің алқалы органдарының отырыстарында, жұмыс берушілермен кездесулерде, ашық семинарларда, білім алушылардың активімен кездесулерде және басқа да іс-шараларда талқыланады.

«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» мамандығы бойынша гранттар санын арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу. Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жұмыс берушілердің тікелей қатысуымен элективті пәндердің каталогтарын әзірледі. Білім алушылардың базалық шаруашылықтарға, жақын және алыс шет елдердің жоғары оқу орындарына сапарлары ұйымдастырылады. Дәріс және практикалық сабақтар өткізу үшін білім алушыларға жақын және алыс шет елдердің жетекші ғалымдары шақырылады. Білім беру бағдарламалары бойынша дуальді оқыту бойынша шарттар жасасу жоспарлануда. «Түлектер жәрмеңкесін» ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен аңшылық шаруашылықтарының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің түрлі нысандарындағы жұмыс берушілер шақырылады.

Кафедра меңгерушісі



Аубакирова Г.А.